

ХӘКІМ АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫ ХХІ ҒАСЫР КОНТЕКСТІНДЕ

*Мухамадиев Д.Б.¹, Бегманова Б.С.², Абдукаримова Г.А.³, Танабаева Г.Ө.⁴

*¹филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: dauren--77@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан e-mail: china_gulzhan@mail.ru

⁴филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан e-mail: tanabaeva75@mail.ru, ORCID ID: 000-9-0004-9407-6088

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың ұлы кемеңгері, хәкім Абайдың «толық адам» концепциясы қазіргі жаһандану дәуірінде жоғалып бара жатқан рухани құндылықтарымызды жаңғыртып, жоғымызды түгендеп, жан әлемін тазарту мен кемелдендіру бағытындағы құнды рухани ілім екені айқындалады. Ойшыл Абайдың аталмыш ілімі арқылы ақынды ғана танып қоймаймыз, өз-өзімізді танып, рухани дағдарыстан шығатынымыз сараланады.

Мақаланың мақсаты – хәкім Абайдың «толық адам» концепциясын бүгінгі жаһандану талаптары туғызып отырған жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеу. Ойшыл ілімінің мәні мен мағынасын, рухани құндылығын, өмірде практикалық тұрғыда қолданылуын саралау мақаланың өзектілігін көрсетеді. Көрнекті абайтанушы ғалым, профессор Мекемтас Мырзахметұлы хәкім Абайдың «толық адам» іліміне айрықша назар аударып, күрделі ұғымдарға талдау жасап, мәнін ашып берді. Ғалымның бүгінгі қоғамға аса қажетті «толық адам» концепциясының маңызын үздіксіз насихаттап келе жатқан қажырлы еңбегін пайымдау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Алдыға қойылған мақсатқа қол жеткізу барысында ойшылдың ілімін зерттеп, ғылыми мәні терең еңбектер жазып жүрген ғалымның зерттеулерін, пайымды тұжырымдарын саралау жұмыстары жүргізілді.

Ойшылдың «толық адам» концепциясын зерделеген профессор М.Мырзахметұлының ғылыми тұжырымдарына және әдебиеттанушы ғалым жүйелеген данышпан ілімінің теориялық-практикалық қолданылу аясына талдау жасау мәселесі мақаланың негізгі бағыты мен идеясын айқындайды.

Мақаланың ғылыми тұжырымы мен нәтижелері әдебиеттанушы, абайтанушы ғалымдар мен қоғамдық ғылым салалары мамандарының зерттеулеріне дереккөз бола алады. Орта, арнаулы орта оқу орындарындағы факультативтік сабақтар мен жоғары оқу

орындарында «Абайтану» пәнін оқыту барысында қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

Мақаланы жазу барысында ғылыми талдау, жүйелеу, кешенді талдау, сипаттамалық және аналитикалық әдістер, ғылыми әдіснамалар басшылыққа алынды.

Зерттеу мақаланың нәтижелері қоғамдық ғылымдар салаларында бірқатар курстар мен семинарларда хәкім Абайдың «толық адам» ілімін зерделеу, түсіндіру, насихаттау барысында теориялық-практикалық тұрғыдан пайдалы болатынын айрықша атап өтуге болады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде хәкім Абайдың «толық адам» концепциясын жан-жақты, кешенді түрде зерделеу қажеттігі туындап отырғанын білеміз. Аталған ілімнің қазақ даласында дүниеге келген құндылық екенін мақтанышпен айта аламыз. Алдағы уақытта берісі түркі әлемінің рухани айнасына, арысы жаһандық ізгілік ілімі болып насихатталып, адамзаттың игілігіне қызмет ететін рухани құбылыс екенін пайымдау мақаланың құндылығы әрі жұмыс қорытындысының практикалық маңызы деп білеміз.

Тірек сөздер: хәкім, ғақлия, «толық адам», «үш сүю», «иманигүл», «хауас», ақыл, қайрат, жүрек, адамгершілік, абайтану, «хауас сәлим»

Негізгі ережелер

Хәкім Абайдың «толық адам» ілімі қазіргі жаһандану дәуірінде тоқырауға ұшыраған рухани құндылықтарымызды жаңғыртып, жоғымызды түгендеп, жан әлемін тазарту мен кемелдендірудегі таптырмас ілім қазынасы. Біз кемеңгердің ілімі арқылы ақынды ғана танып қоймаймыз, өз-өзімізді танып, рухани дағдарыстан шығамыз. Көрнекті абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы ойшыл Абайдың мұрасын, хәкімнің Шығыспен байланысын тереңнен пайыммен зерделеп, алғаш рет ғылыми айналымға түсіріп, құнды еңбектер жазған, қазақ қоғамының дамуына өлшеусіз үлесін қосып келе жатқан көрнекті тұлға.

Кіріспе

Хәкім Абайдың «толық адам» концепциясын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, руханиятымызда алатын орнына бүгінгі тәуелсіздік көзқарас тұрғысынан баға беріп, тәжірибелік тұрғыдан қолданылуы өзекті мәселелердің бірі. Ойшылдың «толық адам» ілімі қоғамды ізгілікке бағыттайтын рухани құндылық. Зерттеу мақалаға қоғамды адамгершілік, ізгілікке бағыттайтын Абайдың «толық адам» ілімінің теориялық және практикалық маңызы арқау болған. Көрнекті абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы бүгінде Абайдың іліміне баса назар аударып, осы күрделі ұғымдарға талдау жасап, мәнін ашып, бүгінгі қоғамға оның игілігін үздіксіз насихаттап келеді. «Толық адам» ілімін жүйелеп, мәні терең ғылыми еңбектер жазған [1]. Рухани тұрғыдан дағдарысқа түскен адамзат баласын, қоғамды ізгілікке бағыттаудың негізгі жолы хәкімнің ілімін насихаттау, аталған құндылық арқылы қоғамды, жас ұрпақты адамгершілікке үндеу. Осы ілімнің маңызын дәріптеу, жүректерге сіңіру арқылы жас буынды тәбиелейміз. Ғалым М.Мырзахметұлы санамызды хәкімнің даналық дәрісіне бағыттауға, хәкімді, оның ілімін жаңаша сипатта зерделеуге

үндейді. Зерттеушінің ғылыми мәні терең осындай тұжырымы аталған ілімнің өзекті құндылық екенін айғақтайды [1]. Көптеген зерттеушілер Абайдың Шығысқа қатысты әлемін зерделеуге жүрексініп бара алмады. Хәкімнің отыз сегізінші қарасөзінде күрделі терминдер өте көп болғандықтан көпшілігі оны түсіне бермейді, себебі ол хәкімнің бүкіл шығармаларының қорытындысы, түйіні іспетті.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында абайтану саласының негізін салушы М.О. Әуезовтің аталған тақырыпқа қатысты ой-тұжырымдары, бағыт-бағдары, Абайдың Шығысқа қатысы, мақаламызға арқау болған «толық адам» ілімін жүйелеп, айналымға түсірген М.Мырзахметұлының, сонымен қатар ойшылдың қара сөздерін зерделеген Ж.Шойынбеттің, сондай-ақ ұлттық әдебиеттану ғылымына үлес қосқан өзге де зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Хәкім Абайдың «толық адам» концепциясын зерделеу мақсатында ақын шығармашылығының көркемдік-идеялық, поэтикалық ерекшеліктерін анықтау барысында салыстырмалы-салғастырмалы, тарихи-хронологиялық, теологиялық, тілдік-этимологиялық, көркемдік талдау, жүйелілік-құрылымдық тәрізді әдістер пайдаланылды.

Профессор М.Мырзахметұлы хәкімнің даналыққа толы ілімін, оның жұмбағын жиырма жылдан астам уақыт бойы қажырлылықпен зерттеп, оның мәнін ашып берді. Осылайша, абайтану саласын жаңа көзқарас тұрғысынан, жаңаша пайыммен зерделеді. Тыңнан түрен салған іргелі еңбектің нәтижесінде ойшылдың мұсылмандық Шығыспен байланысы, рухани әлемі М.Мырзахметұлы жүйелеген, талдаған түсінік, ұғымдар негізінде ашылды. Абайдың Шығысын білу үшін ислам құндылықтарын толық түсіну қажет. Өйткені Абай біріншіден, мұсылмандық Шығыстың перзенті болғандықтан, оның дүниетанымы, рухани жай-күйі исламмен біте қайнасып жатады [2,10 б.]. Ғалым М.Мырзахметұлы Абайдың «толық адам» ілімі туралы зерттеу жүргізіп, тиянақты тұжырымдар білдірді. Кеменгердің ілімін жиырма жылдан астам уақыт бойы зерделейді. Санаға салмақ түсіретін күрделі ұғымдарға түсініктеме беру мақсатында «Абай лұғаты» атты ғылыми еңбек жазып, күрделі терминдердің мәні мен мағынасын оқырманға түсіндіріп береді [3]. Хәкім туындыларында оқырман қауымның түсінуіне қиындық туғызатын бес жүзге жуық күрделі терминдерді анықтап, оларға түсініктеме береді. Ойшыл шығармаларындағы «хауас», «хауас сәлим», «хауаси хамса захири», «пенделіктің кәмалаттығы», «жәуанмәртлік», «жан қуаты», «жан сыры», «мүтәкәлимін», «мантикин» және тағы басқа күрделі ұғымдарды талдайды. Ғалым әрі қаламгер С.Ғаббасов М.Мырзахметұлының «хауас» ұғымын зерделеп, жүйелеген қажырлы еңбегіне: «абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлының «хауас» жайында кең толғап жазуын ризашылық

сезіммен атап өткенді жөн көреміз», - деп айрықша баға береді [4, 148 б.]. Ғалым С.Ғаббасовтың бұл тұжырымы М.Мырзахметұлының күрмеуі қиын күрделі мәселелерді терең пайыммен зерделеп, мәнін талдап берген еңбегіне дәйекті дәлел деп білеміз.

Нәтижелер және талқылау

Хәкім Абай туындыларында «хауас» термині үш мағынада қолданылады. Біріншісі, адамның бес сезім мүшелерін яғни, көру, есту, иіс сезу, дәм сезу және сипап сезуін білдіріп, аталған ұғымның көмегімен айналадағы қоршаған ортадан ақпарат алуда қызмет ететін құрал ретінде сипатталады. Екінші контексте осы сезім мүшелерінің сыртқы дүниедегі қандайда бір ақпаратты адам санасына дұрыс жеткізу қызметін атқаруы үшін түрлі сырқаттардан аман болуын «хауас сәлим» деген тіркесті атаумен қолданылады. Ал үшінші мағынасы аталған бес сезім мүшелері арқылы алынған ақпаратты тұжырымдап, қорытуы [5]. Бүгінгі таңда Абайдың іліміне бет бұрып, жан әлемін ізгілендіруге көштік. Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында хәкім Абайдың ілімін жаңаша көзқарас тұрғысынан саралаудың уақыты келгенін, оған отандық зерттеуші ғалымдардың жұмылуын, сонымен қатар өмір сүру салтымызда ойшылдың ғұмырын, ілімін өнеге ете білуге шақырады. Хәкімнің адамгершілік ілімін ұлттық деңгейдегі ұстанымға айналдыруға үндейді [6].

Ұлағатты ұстаздың шәкірті, абайтанушы ғалым Ж.Шойынбет өзінің зерттеуінде М.Мырзахметұлының хәкім ілімін жүйелі негізде зерделегенін, оны жас ұрпаққа насихаттауды өмірінің мақсаты ретінде ұстанғанын, сол ізгілікті шәкірттеріне табыс етіп, хәкімнің «толық адам» ілімін жас ұрпаққа насихат етуді тапсырғанын сөз етеді [7, 19 б.]. Демек, Абайды тану дегеніміз өзімізді тануды білдіреді. Хәкімнің ілімі қазіргі жаһандану дәуіріндегі жас буынның бағдарлы ұстанымына айналуы керек, ол үшін әр жүрекке кемеңгердің даналық тағылымы насихатталуға тиіс.

Дала данышпаны Алланы сүюді (бірінші сүю) және адамзаттың барлығын «бауырым деп» сүюді (екінші сүю) әрі Хақтың жолы деп әділет жолын сүюді (үшінші сүю) насихаттаған. Ақын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» туындысында жоғарыда аталған «үш сүюді» былайша жүйелейді:

...Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және Хақ жолы осы деп әділетті... [8, 19 б.]. Осыдан жалпыадамзатқа тән рухани құндылықтар туындайды. Ойшыл танымындағы «үш сүюді» («иманигүл») өзі қалыптастырған ізгілік ілімінің арқауы ретінде ұсынады.

Советтік кезеңнің идеологиялық талабына сай, Абай дүниетанымын зерделеген зерттеуші ғалымдар хәкімнің «үш сүю» тұжырымдамасын толық пайымдай алмағанын білеміз. Оған басты әрі негізгі кедергі сол

уақыттағы идеологияның қысымы болғанын бүгінгі оқырман жақсы біледі. Тіпті абайтану саласының негізін қалаушы М.Әуезовтің өзі де «үш сүю» ұғымына байланысты пікір, тұжырымын емеурінмен ғана білдіре алған. Еліміз өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін бұрын саяси тұрғыдан тиым салынған құндылықтарымызды, оның ішінде хәкім Абайдың даналық ілімі («толық адам»), «үш сүю», «үш таным», «үш ғылым» сынды тұжырымдары жаңа тыныс, көзқарастар арқылы ғылыми тұрғыдан зерделене бастады [9]. Демек осы «үш сүюді» көңілінің төріне қондырып, ізгілік жолына қадам жасаған адам Абай арман еткен ізгілік ілімінің жолына түспек. Ал ендігі кезекте «толық адам» қандай болу керек деген сауалға жауап іздеп көрелік. Бұл сұрағымызға ойшыл ақын шығармаларынан жауап табамыз.

Қалың елім, қазағым қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май бопенді екі ұртың... [8, 25 б.] деп халқының жасаған іс-әрекетіне күйінеді, жаны ауырып, қабырғасы қайысады.

Жақсы мен жаманды айырмай, бірі – қан, бірі – май болған, күндестігі асқан қалың елінің бойындағы ұнамсыз мінез-құлықты түзетудің қамын ойлаған Абай бұдан шығудың жолын іздейді. Осындай ұзақ ізденіс жолының нәтижесінде «толық адам» концепциясын қалыптастырады.

Абайдың «толық адам» туралы ойлары «Ғылым таппай мақтанба...» (1886 ж.) өлеңінен бастау алады. Себебі әлемнің қадірлі әрі ардақтысы саналы адам болғандықтан, оның жүрегіне имандылық пен ізгіліктің дәнін сеуіп, әлемге, қоршаған қоғамға, ел-жерге, тіпті адамды өз-өзіне пайдалы ету – хәкімнің ізгі арманы.

...Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол...

...Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ,

Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рахым, ойлап қой,

Бес асыл іс көнсеңіз... [8, 36 б.] деп, жағымсыз қасиеттер мен ізгі қасиеттердің ара жігін ажыратып, тереңнен толғайды.

Бұл тұжырымын «Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек...» (1889 ж.) философиялық шығармасында, сонымен қатар он жетінші ғақлиясында ары қарай дамытады. Хәкім Абай «толық адам» болудың қағидатын былай деп тұжырымдайды:

...Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек... [8, 76 б.]. Адам баласы ақылы мен қайратын – рақым, әділет, шапағатқа толы таза жүрекке бағындыру арқылы Абай армандаған «толық адам» деңгейіне жете алады. Ал «Малға достың мұны жоқ малдан басқа...» (1896 ж.) туындысында:

...Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті,

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек... деп, өз оқырманын «толық адамға» қажетті маңызды қасиеттердің иесі болуға шақырады [8, 48 б.].

Хәкімнің «жүрек культі» жайындағы тұжырымы негізінен поэтикалық бағытта ғана зерделеніп келгенін білеміз. Жүрек мәселесіне байланысты күрделі ұғымдар ойшыл дүниетанымындағы «толық адам» ілімімен бір бүтін сабақтастықта зерделенбегені белгілі [9]. Абай шығармашылығының биік нысанасы саналатын «толық адам» концепциясы «жүрек культінен» басталады. Сол себепті ақын өз туындыларында «жүрек» мәселесін басты орынға қойып, ақыл мен қайратты жүрекке бағындырады. Хәкімнің он жетінші қара сөзінде: «...Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не?!», - деп адамгершілік, мораль философиясында айрықша орын алатын «жүрек культіне» байланысты аксиологиялық аспектіге назар аудартады [10, 22 б.]. Жоғарыда «жүрек культі» мәселесін көтерген даналық ілімнің қазақ топырағында бастау алғанын тілге тиек етіп өткен едік. Еуразия кеңістігінде өмір сүрген дана бабаларымыздың даналық тағылымы, ілімдері бір-бірімен тығыз байланысы бар, өзара сабақтас құндылық құбылысы. Атап айтар болсақ, б.з.б. VII ғасырда Алып Ер Тоңға негізін қалаған «ахи» (жомарттық) ілімі; X ғасырда әл-Фараби бабамыз қалыптастырған «парасатты адам» ілімі; XI ғасырда Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білім» дастаны арқылы насихатталған «жәуанмәртлік» ілімі; XI-XII ғасырлардағы «Хал ілімі»; XIX ғасырдағы Абайдың «толық адам» ілімі; XX ғасыр басындағы Шәкәрімнің «ар ғылымы». Хәкім Абай жоғарыда айтылған өзіне дейінгі руханият қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы, даналық ілімдерімен таныс болған. Олардың тағылымды ілімдерін жүрек көзінен өткізіп, сыни тұрғыдан, терең пайыммен зерделеп, тұжырымдап өзінің «толық адам» ілімін жүйелейді. Шығармашылығы арқылы қазақ қоғамына, оқырмандарына, келешек ұрпаққа насихаттайды. Хәкім Абайдың «толық адам» ілімі адамгершіліктің қайнар бұлағы.

Қорытынды

Хәкім Абайдың «толық адам» ілімі өлеңдері мен қарасөздерінде өзара сабақтастықта, жүйелі түрде насихатталады. Оны кешенді түрде зерттеу бүгінгі уақыттың талабы деп білеміз. Дана Абай өз дүниетанымының жұмбақ әлемі мен жүрегінің құпиясына бойлауды өсиет етеді. «Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?...» (1898 ж.) атты шығармасында:

...Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла... [8, 78 б.] дейді. Ендеше, сол жұмбақ жанның жүрегінің құпиясына еніп, теңіз түбіндегі асыл

маржандарын теріп алу үшін жүректі рухани тазартып, Жаратушының ақиқатын түсінуге ұмтылуымыз керек. Абай ілімі жан ілімі, рухани ілім болғандықтан, оны түсінуге де жүректің кірінен, дүниенің кірінен арылуымыз қажет.

Қорыта келе, хәкім Абайдың даналық ой маржандары «толық адам», яғни кемелденген адам бойындағы асыл қасиеттермен ұштасып жатады. Өйткені ойшылдың ілімі тұтастай бір ғылыми жүйе. Сол себепті данышпан Абайдың «толық адам» концепциясын қазіргі заман талабына сай, жаңаша пайыммен зерделеу, насихаттау, ондағы құндылық қағидаттарын өмірімізде, қоғамымызда іс жүзінде қолданып, жүзеге асыру біздің парызымыз деп түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мырзахметұлы М. Абайдың «толық адам» ілімі. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 240 б.

[2] Мырзахметұлы М. Ұлы ақын дүниетанымы туралы бірер сөз // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 19 тамыз. – Б. 10.

[3] Мырзахметұлы М. Абайтану ғылымын түркі әлемін біріктіру мақсатында жолға қойдым. – URL: <https://adyrna.kz/post/45181>. 26.08.2020. 23.11.2023

[4] Абайтанушы ғалым / Құраст.: Т. Ербай. – Астана, 2001. – 256 б.

[5] Оразалиев С. Абай айтқан «жүрек». – URL: <https://islam.kz/kk/articles/atamura/abai-aitqan-jurek-3669/#gsc.tab=0.07.08.2021>. 23.11.2023.

[6] Тоқаев Қ-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy.08.01.2020. 23.11.2023

[7] Бақдәулетұлы Д. Хәкім Абай ілімінің шырақшысы // Қазақ әдебиеті. – 28.07.2023 – №30 (3872). – Б.19.

[8] Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.

[9] Құлбарақ С. «Толық адам» ілімі және бүгінгі жастар. – URL: <https://abaialemi.kz/post/view?id=1691.05.07.2020>. 11.2023

[10] Абай. Қара сөздер. – Алматы: Арда, 2007. – 168 б.

REFERENCES

[1] Myrzahmetuly M. Abaıdyń «tolyq adam» ilimi (Teaching Abay's "complete man"). – Almaty: Qazygurt, 2020. – 240 b. [in Kaz.]

[2] Myrzahmetuly M. Uly aqyn dúnietanymy týraly birer sóz (A few words about the worldview of the great poet) // Qazaq ádebieti. – 2015. – 19 tamyz. – B. 10. [in Kaz.]

[3] Myrzahmetuly M. Abaitaný gylymyn túrki álemin biriktirý maqsatynda jolǵa qoidym (I set up Abay studies to unite the Turkic world). – URL: <https://adyrna.kz/post/45181>. 26.08.2020. 23.11.2023 [in Kaz.]

[4] Abaitanýshy ǵalym (Abay studies scientist) / Qurast.: M. Myrzahmetuly, T. Erbaı. – Astana: Rýhaniat ortalyǵy, 2001. – 256 b. [in Kaz.]

[5] Orazaliev S. Abai aitqan «júrek» ("Heart" spoken by Abay). – URL: <https://islam.kz/kk/articles/atamura/abai-aitqan-jurek-3669/#gsc.tab=0.07.08.2021> 23.11.2023 [in Kaz.]

[6] Toqaeв Q-J. Abai jáne XXI ғасырдағы Qazaqstan (Abay and Kazakhstan in the XXI century). – URL:

https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-akalasy.08.01.2020.23.11.2023 [in Kaz.]

[7] Baqdaýletuly D. Hákim Abai iliminiń shyraqshysy (Luminaries of Hakim Abai's teaching) // Qazaq ádebiyeti. – 28.07.2023. – №30 (3872). – B.19. [in Kaz.]

[8] Abai. Qalyń elim qazaǵym (My great Kazakh nation). – Almaty: Atamura, 2002. – 224 b. [in Kaz.]

[9] Qulbaraq S. «Tolyq adam» ilimi jáne búgingi jastar (The doctrine of "complete man" and youth today). – URL: <https://abaialemi.kz/post/view?id=1691.05.07.2020.23.11.2023> [in Kaz.]

[10] Abai. Qara sózder (Words of wisdom). – Almaty: Arda, 2007. – 168 b. [in Kaz.]

КОНЦЕПЦИЯ ХАКИМА АБАЯ «СОВЕРШЕННЫЙ ЧЕЛОВЕК» В КОНТЕКСТЕ XXI ВЕКА

* Мухамадиев Д.Б.¹, Бегманова Б.С.², Абдукаримова Г.А.³, Танабаева Г.У.⁴

¹кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: dauren--77@mail.ru

²кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru

³кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
e-mail: china_gulzhan@mail.ru

⁴кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
e-mail: tanabaeva75@mail.ru, orcid id: 000-9-0004-9407-6088

Аннотация. В статье рассматривается концепция «совершенный человек» в дискурсе учения великого казахского мыслителя, хакима Абая Кунанбаева, которое направлено на возрождение национальных духовных ценностей и способствует нравственному очищению и совершенствованию мировоззрения современного человека в эпоху глобализации. Благодаря учению великого Абая мы познаём не только его наследие, но и самих себя, а также имеем возможность определить пути выхода из духовного кризиса.

Цель статьи – изучение концепции Абая «совершенный человек» с точки зрения активных процессов глобализации и интеграции. Изучение и анализ глубинного смысла учения казахского мыслителя, его духовные поиски и нравственные ценности, а также возможность практического применения в современных жизненных реалиях свидетельствуют об актуальности данной статьи. В ходе достижения поставленных целей была проведена работа по изучению учения мыслителя, изучению исследований и суждений ученого, написавшего научно значимые труды.

Выдающийся ученый-абаевед профессор Мекемтас Мырзахметулы уделяет особое внимание учению Абая «совершенный человек». В своих трудах он скурпулезно изучает и раскрывает суть сложных понятий данной концепции. Понимание значимости кропотливого труда ученого, пропагандирующего значение концепции «совершенный человек», столь необходимой современному казахскому обществу, является одним из актуальных вопросов современности.

Анализ теоретических выводов профессора М. Мырзахметулы, исследовавшего концепцию «совершенный человек» и осмысление его представления о том, как практически применить учение Абая, определяет основное направление и идею данной статьи. Нами также предпринята попытка систематизировать труды ученого-литературоведа.

Научное обоснование и основные выводы статьи могут служить источником для исследовательских работ литературоведов-абаеведов, а также специалистов в сфере общественных наук. Результаты данной работы можно использовать на факультативных занятиях в средних и средне-специальных учебных заведениях, а также в практике преподавания дисциплины «Абаеведение» в высших учебных заведениях в качестве дополнительного учебного материала.

При написании статьи мы руководствовались научным анализом, систематизацией, описательными и аналитическими методами, научными методологиями.

Особо следует отметить, что результаты данной исследовательской статьи являются полезными в теоретико-практическом изучении, разъяснении и пропаганде учения «совершенный человек» мыслителя Абая, в процессе разработки спецкурсов и семинаров в рамках различных общественных наук.

Полагаем, что в эпоху современных процессов глобализации возникла необходимость всестороннего и комплексного изучения концепции «совершенный человек» мыслителя Абая.

Данное учение возникло на просторах «Великой степи», а значит является вкладом в мировую цивилизацию. Это вызывает не только чувство гордости, но осознание великой ответственности.

Новизна данной работы и одновременно её практическое значение заключается в представлении учения Абая как своеобразного духовного зеркала, в котором отражаются нравственные ценности тюркского мира, а философские взгляды казахского мыслителя рассматриваются нами как учение о глобальной добродетели, направленной во благо человечества.

Ключевые слова: хаким, гаклия («слова назидания»), «совершенный человек», «три любви», «иманигуль», «хауас», разум, воля, сердце, нравственность, абаеведение, «хауас салым»

THE CONCEPT OF HAKIM ABAY'S A «THE PERFECT MAN» IN THE CONTEXT OF THE XXI CENTURY

* Mukhamadiyev D.B.¹, Begmanova B.S.², Abdukarimova G.A.³, Tanabayeva G.U.⁴

* ¹Candidate of Philological Sciences, The National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dauren--77@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, South-Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan
e-mail: china_gulzhan@mail.ru

⁴Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, South-Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan
e-mail: tanabaeva75@mail.ru, orcid id: 000-9-0004-9407-6088

Abstract. The article examines the concept of the «perfect man» in the discourse of the teachings of the great Kazakh thinker, hakim Abai Kunanbayev, which is aimed at reviving national spiritual values and contributes to the moral purification and improvement of the worldview of modern man in the era of globalization. Thanks to the teachings of the great Abai, we learn not only his legacy, but also ourselves, and also have the opportunity to determine ways out of the spiritual crisis.

The purpose of the article is to study the concept of Abai «perfect man» from the point of view of active processes of globalization and integration. The study and analysis of the deep meaning of the teachings of the Kazakh thinker, his spiritual quest and moral values, as well as the possibility of practical application in modern life realities indicate the relevance of this article. In the course of achieving these goals, work was carried out to study the teachings of the thinker, study the research and judgments of the scientist who wrote scientifically significant works.

An outstanding scholar of Abai studies, Professor Mekemtas Myrzakhmetuly, pays special attention to the teaching of Abai «the perfect man». In his writings, he scrupulously studies and reveals the essence of the complex concepts of this concept. Understanding the importance of the painstaking work of a scientist who promotes the importance of the concept of «perfect man», which is so necessary for modern Kazakh society, is one of the urgent issues of our time.

The analysis of the theoretical conclusions of Professor M. Myrzakhmetuly, who studied the concept of the «perfect man» and the understanding of his idea of how to practically apply the teachings of Abai, defines the main direction and idea of this article. We have also made an attempt to systematize the works of a literary scholar.

The scientific justification and the main conclusions of the article can serve as a source for research works by literary critics, as well as specialists in the field of social sciences. The results of this work can be used in elective classes in secondary and secondary specialized educational institutions, as well as in the practice of teaching the discipline «Abai studies» in higher educational institutions as additional educational material.

When writing the article, we were guided by scientific analysis, systematization, descriptive and analytical methods, and scientific methodologies.

It should be especially noted that the results of this research article are useful in the theoretical and practical study, explanation and promotion of the doctrine of the «perfect man» of the thinker Abai, in the process of developing special courses and seminars within the framework of various social sciences.

We believe that in the era of modern globalization processes, there is a need for a comprehensive and comprehensive study of the concept of the «perfect man» by thinker Abai.

This teaching originated in the expanses of the «Great Steppe», which means it is a contribution to world civilization. This causes not only a sense of pride, but also an awareness of great responsibility.

The novelty of this work and at the same time its practical significance lies in the presentation of Abai's teachings as a kind of spiritual mirror, which reflects the moral values

of the Turkic world, and the philosophical views of the Kazakh thinker are considered by us as the doctrine of global virtue aimed at the benefit of mankind.

Keywords: hakim, ghaqliya («Words of Edification» by Abai), «perfect man», «three loves», «imanigul», «hauas», mind, will, heart, morality, Abai studies, «hauas salim»

Статья поступила 23.11. 2023